

**Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде " Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау үшін және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 18 қазандағы № 144 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 798 шешімімен бекітілген Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде " Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 3-графаның 185-позициясындағы "KZ.A.01.0602\*" деген белгіленім "KZ .06.01.00197-2020\*" деген белгіленіммен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 186 – 188-позициялармен толықтырылсын:

"

186		АМИ.МН 0003-2021 *	Полиамидтерден жасалған бұйымдардан бөлінетін е-капролактамың су мен ауадағы массалық концентрациясы. Тиімділігі жоғары с ұ й ы қ хроматография әдісімен өлшеу әдістемесі	29.09.2021 жылғы № ВУ 00221 аттестаттау туралы куәлік; 01.01.2024 жылдан бастап қолданылады
-----	--	--------------------	---	---

187	2-қосымша	АМИ.МН 0002-2021 *	Парафиндерден, балауыздардан және резеңке-латекс композицияларынан жасалған бұйымдардан бөлінетін бензин(а) пиненнің су мен ауадағы массалық концентрациясы. Тиімділігі жоғары сұйық хроматография әдісімен өлшеу әдістемесі	29.09.2021 жылғы № ВУ 00121 аттестаттау туралы куәлік; 01.01.2024 жылдан бастап қолданылады
188		KZ.06.04.00001-2021 *	Резеңке-латекс композицияларынан жасалған бұйымдардағы ацетофенонның, сондай-ақ полистирол мен стирол сополимерлерінің су мен ауадағы массалық концентрациясының бірліктерінде көрсетілген миграциялану деңгейінің өлшемін орындау әдістемесі	21.10.2021 жылғы № 2 аттестаттау туралы куәлік; 01.01.2024 жылдан бастап қолданылады

"

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*